

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1194 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 шілдедегі N 747 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.01.06. N 15 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Республикалық бюджеттен оралмандар үшін бөлінетін қаражатты мақсатты пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1194 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 41, 366-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттен оралмандар үшін бөлінетін қаражатты мақсатты пайдалану ережесінде:

12-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі аумақтық орган оралман отбасы отағасының оралман куәлігінің және тұрғын үй сатып алу үшін бөлінген қаражатты мақсатты пайдалану жөніндегі міндеттеменің нотариалды түрде расталған көшірмелерін ұсынуы бойынша оралмандар отбасы отағасының екінші деңгейдегі банкте алдын ала ашқан жеке шотына қаражатты аударады."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі